

<https://orcid.org/0000-0003-4470-5873>
.yusufhan@gmail.com

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ЖАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫН МАНИПУЛЯЦИЯЛАУ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

Имамәди Түсіпхан

PhD, доцент, Нұр-Мұбарак Египет
ислам мәдениеті университеті
Алматы қ., Қазақстан

Рахымжанұлы Нұрдос

Магистр, «Дінтану» мамандығы
бойынша гуманитарлық ғылымдар
магистрі, Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті
Алматы қ., Қазақстан

DESTRUCTIVE RELIGIOUS CURRENTS METHODS OF MANIPULATING YOUTH PSYCHOLOGY

Imammadi Tussipkhan

PhD, Egyptian University of Islamic Cul-
ture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

Rakhymzhanuly Nurdos

Master student, Master of Arts under the
speciality «Religious Studies», Eryp-
tian University of Islamic Culture Nur-
Mubarak, Almaty, Kazakhstan

أساليب التيارات الدينية الهدامة في التلاعب بنفسية الشباب

توسيبخان إمام مادي

دكتور، الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور
مبارك، ألماتي، كازاخستان

رحيمان أولي نوردوس

طالب ماجستير، الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور
مبارك، ألماتي، كازاخستان

Аңдатпа. Бұл мақалада деструктивті діни ағымдардың жастар психологиясын манипуляциялауының заманауи әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Радикалды діни ағымдар жетегінде кететіндердің басым көпшілігі жастар екенін ескерсек, олардың психологиялық себептері де қарастырылады.

Түйін сөздер: деструктивті, діни ағым, психология, жастар, манипуляция, әдіс-тәсілдер.

المخلص: توضح هذه المقالة الأساليب الحديثة التي تستخدمها الحركات الدينية الهدامة للتلاعب بعلم النفس لدى الشباب. وبالنظر إلى أن غالبية الذين يقعون تحت تأثير الحركات الدينية المتطرفة هم من الشباب، فإنه يتم أيضاً دراسة الأسباب النفسية لذلك.

الكلمات المفتاحية: هدام، حركة دينية، علم النفس، الشباب، التلاعب، أساليب.

Annotation. This article highlights modern methods used by destructive religious movements to manipulate the psychology of youth. Considering that the majority of those who fall under the influence of radical religious movements are young people, their psychological reasons are also examined.

Keywords: destructive, religious movement, psychology, youth, manipulation, methods.

Аннотация. В данной статье рассматриваются современные методы манипуляции психологией молодежи деструктивными религиозными течениями. Учитывая, что большинство тех, кто попадает под влияние радикальных религиозных течений, являются молодежью, также рассматриваются их психологические причины.

Ключевые слова: деструктивный, религиозное течение, психология, молодежь, манипуляция, методы.

Қоғамда өздерінің идеологиясын жасырын және ашық түрде насихаттайтын деструктивті діни топтар елдің тұтастығы мен ұлттық бірегейлікке үлкен қауіп төндіріп отыр. Өз идеологиясын жүргізуде әртүрлі заманауи әдіс-тәсілдерді қолданып, жеке тұлғаның психологиясын арбап, радикалды сананы қалыптастыруда. Бір өкініштісі, деструктивті ағымдардың жетегінде кететіндердің басым бөлігі ақыл тоқтатпаған жастарды құрап отыр. ҰҚК төрағасының орынбасары Руслан Сейсембаевтың дерегін келтірсек, 2023 жылы деструктивті қоғамдастықтағы 80 мыңға жуық адамның алты мыңға жуығы 18 жасқа толмаған жасөспірімді құраған (1).

Деструктивті діни ағым өкілдерінің ақпараттық кеңістікті игеріп, әлеуметтік желілерді өздерінің мақсат-мүдделеріне сай оңтайлы қолдануы қатарын толықтырып, жалған идеологиясын таратуда тиімді құрал болып отыр. Сондай-ақ қоғамның өмір сүру ерекшеліктері мен оны құрайтын әлеуметтік топтың моральдық және материалдық деңгейі мен әлеуметтік-психологиялық жағдайы, деструктивті діни ағымдардың басты назарында.

Ең алдымен, «деструктив» сөзінің шығу тегін анықтап, деструктивті діни ағымның анықтамасына тоқталайық.

Деструкция (латын тілінен destruction

– қирау) – бір нәрсенің қалыпты құрылымынан бұзылуы (Нүсіпханов және т.б., 2022: 194).

Деструктивті діни ағымды кейде экстремистік діни идеология деп те атайды, бұл – зорлық-зомбылыққа, терроризмге, экстремизмге немесе заңның бұзылуының басқа түрлеріне шақыратын діни нанымдардың түсіндірмесі. Деструктивті діни ағымдар сенімді зорлық-зомбылық үшін ақтау ретінде қолдана алады және қоғамға да, сенушілерге де қауіп төндіруі мүмкін. Критерийлік базаға әртүрлі көзқарасты талдай отырып, деструктивтілік, мысалы, конституциялық жүйе мен мемлекеттіліктің нышандарына, дәстүр этномәдениет, қоғамның адамгершілігі және халықтың менталитеті, дәстүрлі діндерге теріс көзқарас танытады (Байтенова, Олжахан, 2023: 209).

Анықтамаларға сәйкес деструктивті ағым ешбір заң мен нормативтік құқықтарды мойындамайтын, ұлттық құндылықтарды теріске шығарып, мемлекеттік билік пен тұтастыққа қауіп төндіретін, жалған діни идеология негізінде терроризм мен экстремизмді насихаттап, жоспарлы әрекет ететін күш. Деструктивті діни ағымдар адамдардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын бақылай отырып, интернет кеңістігінде манипу-

ляциялаудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануы теріс идеологияны кеңінен насихаттап, ағым мүшелерінің санын арттыруда.

Батыс әдебиетінде бұл мәселе «онлайн радикалдану» деп аталады және бұл тақырып ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді (Решетняк, 2018: 5). Ғаламтор, электронды пошта экстремистерді өзара әрекеттесуге, өздерінің идеяларын насихаттап қоюға ғана емес, сонымен бірге ақпараттық соғыс жүргізуге мүмкіндік береді. Соның дәлелі ретінде ақпараттық тайталастың жаңа бір түрі «желілік соғыс» деген атқа ие болғаны мәлім. Осы тұрғыда террористік әрекеттерді географиялық жағынан бір-бірінен алшақта жүріп, бірақ өзара «желілік» форматта жасырын түрде қатысып тұратын, арнайы дайындықтан өткен кибертеррористердің шағын тобы және де жеке адам да жүргізуі мүмкін (Төлеев, 2017: 48).

Зерттеулерге сәйкес деструктивті топтар жаңа мүшелер табу үшін және бұқаралық ақпарат құралдарына өздерін жарнамалап, идеологиясын жүргізетін арнайы бөлімдерінің болатындығы, оны «үгіт-насихат бөлімі» ретінде жеке көзге түсетіні анықталады (6, 484 б.). Зерттеуші Мұрат Төлеевтің пікірінше: «Террористік және экстремистік қызметтің терроризм мен радикалды идеологияны насихаттау үдерісінде тек уағыз жұмысын жүргізіп қоймай, сонымен бірге халықтың құндылықтар бағдарына, дүние-танымдық көзқарастарына, эмоциялары мен сана-сезімдеріне, адами тұғырнамасына, яғни психологиялық ерекшеліктеріне аса мән береді» (Төлеев, 2017: 47). Бұл деструктивті діни ағымдардың адам психологиясын манипуляциялауда жас ерекшеліктеріне баса назар аударатындығымен қоса, олардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын жіті назарда ұстайтындығын көрсетіп отыр.

Деструктивті топтардың таралуына ықпал ететін негізгі факторлардың қатарына мемлекеттің геосаяси және экономикалық жағдайы мен ондағы халықтың әлеуметтік күйі маңызды орын алады. Деструктивті ағым өкілдері бұл ерекшеліктерді басты назарда ұстайды. Бұл тұрасында зерттеуші М. Төлеев: «Орталық Азия елдерінде ақпараттық мәдениеттің даму деңгейі ақпарат көзін таңдап алуға және соған сәйкес оларды талдап түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Келеңсіз әлеуметтік ахуалдың осы аймақта дамуы, негізінен ол экономикалық дағдарыс, әлеуметтік келеңсіздіктер, қоғамның жікке бөлінуі, мәдени және интеллектуалды деңгейдің төмендігі, адамдардың тез иланғыш болуы және ақпараттық-психологиялық ықпалға түсіп қалуы әсер етеді (Төлеев, 2017: 47).

Сараптамалық зерттеулердің қорытындысы бойынша соңғы уақытта интернет желісінде 10 мың экстремистік электрондық алаңдардың бар екендігі анықталған (1). Бұл дерек – 2023 жылда ресми жарияланған ақпарат. Деструктивті діни ағымдар интернет желісіндегі жұмыстарын үздіксіз жүргізе отырып, әлеуметтік желілерді тиімді құрал ретінде пайдаланып келеді. Мемлекеттік құзырлы органдар тарапынан жүргізіліп келген алдын алу шараларының өзі ағым өкілдерінің жолына бұғат сала алмай отыр. Бұл өз кезегінде құзырлы мекемелердің жұмысын тиімді ұйымдастырып, алдын алу бойынша жаңа, нақты шараларды қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

Эксперт Анастасия Решетняк: радикалданудың негізгі алғы шарттарының бірі – оқшаулану, түрлі себептермен әдеттегі қоғамнан немесе өмір салтынан ажырау. Қазіргі әлемде адам интернет пайда болғанға дейін мүмкін болатын дәрежеде жалғыз қалмайды, қазір оның интернетте

пікірлес адамдарды, түсіністік пен жанашырлықты табуға әрқашан мүмкіндігі бар. Осылайша, бүгінгі таңда жалдау бойынша ең «озық» ұйым ДАИШ жаңа ізбасарларды тарту үшін интернетті, әлеуметтік желілерді және жедел мессенджерлерді пайдаланады, бұл ұйымның әрбір әлеуетті мүшесімен мақсатты жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Малайзияда, Ішкі істер министрлігінің бағалауы бойынша, жаңадан Ислам мемлекетіне (Халифат) шақырылғандардың кем дегенде 75%-ы онлайн режимде қабылданған (Варандани, 2015). Қазақстанда бұл көрсеткіш бұдан да жоғары, радикалды идеологияны ұстанатын он адамның сегізі интернеттен сәйкес топтарға енген деп тұжырымдайды (Решетняк, 2018: 5).

Интернет-ресурстар арқылы радикалданудың ең үлкен қаупі Қазақстандағы әлеуметтік желілер мен басқа да интернет-ресурстардың негізгі аудиториясын құрайтын жастарға төнеді (Черных, 2014). Сарапшылардың пікірінше, жеке басының дағдарысы мен әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты жастардың рекрутерлердің іліміне қарсы тұруы қиынға соғады (Шибутов және Абрамов, 2012). Түрлі дереккөздерге сәйкес, қазір Сирия мен Ирактағы қақтығыс аймағында Қазақстан Республикасының 300-ден 1000-ға дейінгі азаматы, соның ішінде әйелдер мен балалар бар (Сандыбаев, 2015) (Решетняк, 2018: 7).

Жарияланған видеоларға қарағанда, олардың көпшілігі – 29 жасқа дейінгі жастар. Бұл деректерді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы растап отыр. 2012 жылы Қазақстанда терроризм үшін сотталғандардың 60%-ға жуығы осы жасқа толмағандар болды. 2014 жылы «террористің әлеуметтік портретін» құрастырған Қауіпсіздік бағдар-

ламалары орталығы оны келесі сипаттамалармен толықтырады: орта білімі бар жұмыссыз жас жігіт. Арнайы діни білімі жоқ. Үйленген, бірнеше баласы бар» (Қазақстандағы лаңкестің әлеуметтік портреті құрастырылды, 2014 ж.)

(Решетняк, 2018: 7).

Эксперттердің зерттеуі көрсетіп отырғандай деструктивті діни ағымдардың құрығына түсетіндердің көбі жастар екендігін ескерсек, мұның артында ғаламдық үлкен себептер бар. Қазіргі әлемдік урбанизация тым жоғары деңгейге жетіп отыр. Бұл прогресс елімізде де ұзақ уақыт бойы қарқынды жалғасып келеді. Мұндағы мәселе ауылдық жерден жаппай қалаға көшкен халықтың көбі тұрғын үй, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, білім алу мәселелерін толықтай шеше алмайды. Нәтижесінде жағдайы нашар аудандарда пәтер жалдап тұруға мәжбүр болады және мұндай әлеуметтік күйдегі адамдар тобын манипуляциялау оңай әрі жылдам болады. Бұл турасында ғалым Мұртаза Бұлұтай: «Үлкен қалалардың төңірегіндегі кедей махаллаларда өмір сүретін жартылай ауылдық, жартылай қалалық психологиядағы тұрғындар арасында жұмыссыздық мөлшері жоғары және осындай жерлерде жаңа ортамен проблемалы адамдар көп болады. Сондай жандарды әртүрлі идеологиялар мен жалған діндерге тарту қиынға соқпайды», – деп тұжырымдайды (Бұлұтай, 2006: 473).

Жастардың арнайы діни ілімінің болмауы жат ағымдардың жетегіне түсуіне бірден-бір себеп. Жасөспірімдердің діни ілімді өз бетінше интернет желілерінде алуы теріс ағым идеологиясымен сусындап, радикалды сананың қалыптасуына түрткі болып отыр. Ақпараттық заманда деструктивті діни ағымдардың діни ілімі жетілмеген жастарға діни контенттерді

заманауи тәсілдермен ұсынуы жат идеологияның қолшоқпарына айналдыруда.

Деструктивті ағымдар қолданытын психологиялық әдістердің ішінен, ең алдымен, психологиялық байланыс орнату әдісін бөліп көрсетуге болады, мысалы, «интерактивтілік әдісі», ол өзі туралы жағымды әсер қалыптастыру үшін қолданылады. Егер сізде қандай да бір көзқарастар немесе белгілі бір қызығушылықтар болса, олар сізге бейімделуге тырысады. Егер сіз жануарларды ұнатасыз делік, олар сізбен жануарлар туралы сөйлеседі немесе сізге техника ұнаса, олар сізбен техника туралы сөйлеседі. Осылайша, олар өте жылы, өте жақын сенімді, тұлғааралық қатынастарды қалыптастырады. (Байтенова, Олжахан, 2023: 213-214). Мұндай әдіс-тәсілдерді ДДА өкілдері әлеуметтік желі арқылы тиімді пайдаланады. Адамдарға қажетті әрі қызықты заттарды интернет арқылы жарнамалай отырып, өз идеологияларын насихаттайды. Бастапқыда ешбір адам оның теріс ағым екенін ажырата алмайды. Адамдардың көңілінен шығып, сеніміне кірген соң теріс сенімін жүргізу қиындық туғызбайды. Қазіргі таңда мұндай манипуляция тәсіліне жастардан бөлек ақыл тоқтатқан адамдар да түсіп қалуда.

Деструктивті діни ағымдар өз қатарына тарту мақсатымен тек жасырын жолмен ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарында ашық насихат жүргізеді. Қазақстанда және әлемде экстремистік топ ретінде танылған «ДАИШ» ұйымының насихат жүргізу тәсілдері сапалы технологиялармен әлеуметтік желілер арқылы кеңінен насихатталады. Бұл ұйым мүшелерінің басым бөлігін жастар құрайды.

«ДАИШ»-тың әлеуметтік желілерде жарияланған бейне материалдарының мазмұнына назар аударсақ: «Алла-

ның жолымен, Мұхаммед пайғамбардың сүннетімен жүрміз және халифат құру арқылы әлемде болып жатқан әділетсіздіктің алдын аламыз. Сондай-ақ шариғат бойынша басқарылмаған мемлекет – кәпірлердің елі, сондықтан баршаңызды бұл мәселеге бейжай қарамай біздің қатарымызға қосылып, жихад жасауларыңызды талап етеміз», – деген идеологиялық және психикалық шабуылдар, діни білімі таяз азаматтардың «шынайы ислам» осы екен деп біліп, «халифатшылардың» қатарына қосылуға итермелейді (Әбдірәсілқызы және т.б., 2016: 30).

«ДАИШ»-тың қатарына қосылушыларды тек теологиялық көзқарастары үшін ғана қосылып қоймай, әлеуметтік жағы да қызықтыраы сөзсіз. Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сүйенсек, содырлар қатарындағы ресми ант қабылдаған «жауынгерлердің» жалақысы күніне шамамен 1000-нан жоғары АҚШ долларын құрайды. Сонымен қатар тұрғын үй және көлікпен қамтамасыз етілетіндігі туралы жалған ақпарат әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды қызықтырып, өз қатарын толтыру мақсатында мұндай «жарнамалар» жиі көрініс тауып жатыр. Әрине, мұндай «жарнамаларға» болашағына сенімсіз және өмір жағдайындағы түрлі себептерге шыдай алмай депрессияға түскен азаматтар «ДАИШ» содырларының қатарына қосылатындығы сөзсіз. Ақырында, өз қиялындағыдай Таяу Шығыстағы өмірін «ақша жетерлік» сипатта елестеткен азаматтар жер сипап қалып жатады (Әбдірәсілқызы және т.б., 2016: 31).

Деструктивті діни ағым өкілдері манипуляциялық объектісін алдын ала зерттей отырып, ұзақ уақытқа жоспарланған әдіс-тәсілдерін бірнеше кезеңде жүзеге асырады:

1-кезең – алдын ала – онымен тікелей байланыс құрмай тұрып адамды егжей-тегжей зерттеу (оның психологиялық қасиеттері, проблемалары, әлсіз жақтары және идеологиялық параметрлеріне баға беріледі). Бұл кезең рекрутерлерге адамның психологиялық жағдайын түсіну үшін негіз береді. Әрі келесі кезеңдерде рекрутер тарапынан оның жеке қасиеттері, материалдық жағдайы, идеологиялық ойлары немесе осы сияқты ақпарат түрлерінің жиынтығына байланысты манипуляциялық жолдары құрылады.

2-кезең – тұлғааралық қатынастарды орнату. Негізгі рекрутер үшін бұл кезеңнің мақсаты – алдап-арбау жолдарына психологиялық тұрғыдан жақындау. Бұл жағдайда жанама қызметтер мен жекебас мәселелерін талқылауға баса назар аударылады және қызығушылықты ояту жолға қойылады. Бұл жерде 1-інші кезеңде анықталған мәліметтермен жұмыс істейді. Мысалы: «Қызметте бағаланбайтын және алға ұмтылғысы келген адам болса, ол адаммен оны өзін маңызды сезінуін тудыратын әдістер қолға алынады.

Сонымен қатар рекрутер (манипуляциялық объектісін алдын ала зерттей отырып) алғашқы қадамды жасаған адамның өміріндегі компроматтарды да пайдаланады. Бұл кезеңде ең басты назарға адамның жағдайы, насихатқа реакциясы және оның қабылдау деңгейі ілінеді.

3-кезең деструктивті ағым өкілінің мақсаттарына байланысты рекрутер сұраныстарын орындауға объектінің қатысуы басты назарға тұтылады (белгіленген жақсы тұлғааралық қатынастар негізінде оны іс-әрекетке тарту ісі атқарылады). Бұл – ерекше және күрделі манипуляциялық кезең.

4-кезең – арбау туралы ұсынысты құрастыру. Бұл кезеңнің де өзіндік ерекшеліктері бар: компроматтарды, қорқытуларды, материалдық және отбасылық үрей туғызу арқылы адамды ұстап қалуға

тырысу. Құқықтық психологияның әдіснамасы мен терең теориясы арқылы адамды психологиялық стреске түсіру және бостандығынан айыру әдісі қолданылады (8, 2005: 39).

Деструктивті топ мүшелері өз қарамағына өткен жақтастарын әртүрлі әдістерімен ұстап отыра алады. Бұл топқа жаңадан тартылған мүшелері үшін ұзақ уақытқа созылатын психологиялық жаракат пен қорқыныш қалыптастырады. Мұндай әсерлерді келесідей сипаттауға болады.

Психологиялық тәуелділік: деструктивті топтардың мүшелері өздерінің көшбасшылары мен сенім топтарына психологиялық тәуелді бола алады. Бұл топсыз олар өмірдің мәнін жоғалтады және топтан шығудан қорқады.

Оқшаулау: деструктивті топтардың мүшелері сыртқы әлемнен оқшаулануы мүмкін. Оқшаулау объективті көзқарастарды қолдана алмай, ерекшелік сезімін тудыруы және олардың заманауи идеялары мен идеологияларына кедергі келтіруі мүмкін.

Психологиялық қабылдау: деструктивті топтардың жетекшілері өздерінің ізбасарларын бақылау үшін психологиялық қабылдауды қолдана алады. Бұған қоқан-лоққылар, қорлайтын сөздер, кінә мен қорқыныш сезімдерін танытуы кіреді.

Шындықты бұрмалау: деструктивті топ мүшелерін олардың көшбасшылары ақпаратты басқарып, оларға әлем туралы ойдан шығарылған немесе біржақты түсініктер берген кезде шындықтың өзгеруімен салыстыруға болады. Бұл топ шындықтың жалғыз көзі деген елес тудыруы мүмкін.

Тәуелсіздікті жоғалту: деструктивті көшбасшылар тобында тәуелсіз шешім қабылдау мүмкін болмауы ықтимал. Бұл

дәрменсіздік сезімін тудыруы және сіздің өміріңізді бақылауды жоғалтуы мүмкін.

Психологиялық салдары: деструктивті салдарға қатысу депрессия, мазасыздық, жарақаттан кейінгі стресс, тұлғаның бұзылуы және басқа психикалық бұзылулар сияқты психологиялық проблемаларды тудыруы мүмкін (Байтенова, Олжахан, 2023: 215).

Қорытатын болсақ, қазіргі жаһандану дәуірінде деструктивті діни ағымдардан сақтандыру – тек құзырлы орындардың міндеті ғана емес, әрбір саналы адамның борышы. Мұндай теріс ағымдармен тұтас ел болып, ұлт болып күресуіміз қажет. Деструктивті діни ағымға қарсы иммунитет қалыптастыратын ең үлкен күш ол –

ұлттық кодты жаңғырту. Жастардың бойына жас күнінен бастап ұлттық тәрбиені сіңіру, салт-дәстүрдің мәнін ұғындыру, ұлттық сананы қалыптастыруда дін мен дәстүрдің орнын көрсететін қазақтың бай фольклорындағы жауһарларымен сусындандыру арқылы нағыз ұлтын, елін сүйетін тұлға болып қалыптастыру қажет. Кішкене күнінен бесік жырын, ертегілер мен аңыз-әңгімелерді, батырлар жырын, қисса-дастандарды бойына сіңіріп өскен жас буын өсе келе ешбір теріс идеологияға жұтылмайды. Бұл – тәжірибеде дәлелденген, ешбір тәсіл орнын баса алмайтын, рухани әлеммен байланысты негізгі құндылық.

Әдебиеттер

1. «Psychology of religious sects and movements», Proceedings of the scientific-practical conference. – Fergana, 2005.
2. «Деструктивті діни ағымның ұстанушыларын дәстүрлі құндылықтарға бейімдеуге және оңалтуға қатысты» әдістемелік құрал // Т.Н. Нүсіпханов, Н. Стамбакиев, С. Шәкизада, Б. Илесбеков, А.С. Темурбаев, Н.А. Смагулов. – Алматы, 2022. – 248 б.
3. <https://kazislam.kz/elimizde-80-mynggha-zhuyq-zhastar-destruktivti-aghyznyng-toptaryna-kirgen/>
4. Бұлұтай М. Дін және ұлт. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 584 б.
5. Деструктивті діни ағымдардың психологияға әсері // Байтенова Н.Ж., Олжахан Ш.Н., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 – 575 б.
6. Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. 7- шығарылым: ДАИШ – аса қауіпті лаңкес ұйым / Құраст.: А. Әбдірәсілқызы, М. Исахан, М. Муслимов, Ж. Тенлибаева, С. Мадиева, Б. Алмурзаева, Б. Жанакөв, Р. Рашимбаев, Д. Жуманов, М. Сайлауова. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2016. – 54 б.
7. Опасные сети: Как бороться с онлайн-радикализацией в Казахстане. Анастасия Решетняк. – Алматы, 2018.
8. Орталық Азиядағы терроризм: Сипаты. Түрлері. Себеп-салдары. М.С. Төлеев. – Алматы: Нур-Принт баспасы, 2017. – 199 б.

References

1. «Psychology of religious sects and movements», Proceedings of the scientific-practical conference. – Fergana, 2005.
2. «Destruktivti dini aғymnyң ыstanushylaryn dastyрli қyндылықтарға bejimdeuge zhәне оңaltуға қatysty» әdistemelik қyрал // T.N. Nыsiphanov, N. Stambakiev, S. Shәkizada, B. Ilesbekov, A.S. Temurbaev, N.A. Smagulov. – Almaty, 2022. – 248 b.
3. <https://kazislam.kz/elimizde-80-myngha-zhuyq-zhastar-destruktivti-aghymnyng-toptaryna-kirgen/>
4. Bыlytaj M. Din zhәне ыlt. – Almaty: «Arys» baspasy, 2006. –584 b.
5. Destruktivti dini aғymdardyң psihologijaға әseri // Bajtenova N.Zh., Olzhahan Sh.N., Әl-Farabi atyndary Қazaқ ыlttyқ universiteti, Almaty қ., Қazaқstan. «Әl-Farabi мырасындағы izgi adam, қажуымды қоғам zhәне zamanauı jetika» atty halyқaralyқ ғыlymi-tәzhiribelik konferenciya materialdarynyң zhinaғы. – Almaty, 2023 – 575 b.
6. Din salasyndaғы өзekti мәseleler bojynsha 20 сырақ-zhauap. 7- shyғarylym: DAISh – asa қаuipti laңkes ыjым / Қyраст.: A. Әbdirәsilқыzy, M. Isahan, M. Muslimov, Zh. Tenlibaeva, S. Madieva, B. Almurzaeva, B. Zhanakov, R. Rashimbetov, D. Zhumanov, M. Sajlauova. – Astana: Din мәseleleri zhөnindegі ғыlymi-zertteu zhәне taldaу ortalyғы, 2016. – 54 b.
7. Opasnye seti: Kak borot’sja s onlajn-radikalizaciej v Kazahstane. Anastasija Reshetnjak. – Almaty, 2018.
8. Ortalyқ Azijadaғы terrorism: Sipaty. Tыrleri. Sebeb-saldary. M.S. Tөleev. – Almaty: Nur-Print baspasy, 2017. – 199 b.